



REPUBLIK INDONESIA

ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Индонезия Республикасының Конституциялық Соты арасындағы Өзара Түсіністік туралы Меморандумға өзгерістер енгізу туралы

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты мен Индонезия Республикасының Конституциялық Соты,

Мемлекеттік егемендік қағидаттарына сүйене отырып, және Конституцияның тікелей қолданылуын қамтамасыз ету және адам мен азаматтың құқықтарын қорғау саласындағы өз жауапкершілігін сезіне отырып,

Білім мен тәжірибе алмасу үшін олардың қызмет салаларына байланысты екіжақты ынтымақтастық бағдарламаларын кеңейтуді қалап,

Қолданыстағы заңдарға және олардың тиісті елдеріндегі нормативтік актілерге сәйкес,

Қазақстан Республикасының конституциялық бақылау органының сабақтастығын және екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту тәсілі ретінде ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындауды ескере отырып,

2019 жылғы 2 қарашада Балиде қол қойылған Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Индонезия Республикасының Конституциялық Соты арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға (бұдан әрі-Меморандум) өзгерістер енгізуге ниет білдіре отырып,


Төмендегі өзгерістерге келісті:

1. Меморандумның атауында, оның кіріспесінде және қол қою жолында Қазақстан Республикасының конституциялық бақылау органының атауын "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі" - нен "Қазақстан Республикасының Конституциялық соты" - на ауыстыру расталсын.

Осы Хаттама оған Тараптар қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

2023 жылғы 10 тамызда, Джакарта қаласында әрқайсысы қазақ, индонезиялық және ағылшын тілдерінде үш түпнұсқада жасалған және барлық мәтіндер бірдей күші бар. Түсіндіруде сәйкессіздіктер болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.


Индонезия Республикасы
Конституциялық Сотының атынан



Anwar Usman

Төраға

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Сотының атынан



Elvira Azimova

Төрайым